

**6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін жазылған Ушатов Марат Әбдікаламұлының «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

## **ПІКІРІ**

Біздің қоғам демократиялық бастамалардың дамуы тұлғаға дербес өзіндік орнын табу стратегиясын құруға, дербес даму нұсқаларын іздестіруге, еркін таңдау үшін шынайы жағдайлар құрды. Бұл жаңа педагогикалық ойлауды қалыптастыруды, педагогикалық өзара әрекеттестікті ұйымдастырудың жаңа амалын, тұлға әлеуметтенуінің түрлі формасында шығармашылықты ұйымдастыруды меңзейді. Еліміздің нағыз патриотын, өз еліне деген сүйіспеншілігі зор, еліне және өзіне деген өнімді, еңбекке ұмтылушы тұлға тәрбиелеу ұйымдастырушылық қасиеттерді, лидерлік мүмкіндіктерді дамытусыз, әлеуметтік бастамашылдыққа ұмтылыссыз жүрмейді.

Стратегиялық ойлауға ие, жетістікке жетемін деген сенімі бар, белгісіздік пен тәуекелге бару шарттарында әрекет ете алатын, туындаған міндеттер шешімін жауапкершілікпен көтере білетін және өз беделінің күшімен үдерістің өзге қатысушыларын қалыпты әрекет етуге көндіктіруші мамандарға деген қазіргі Қазақстан мемлекеті мен қоғам қажеттілігі, лидерлік мәселесін әлеуметтік құбылыс ретінде өзекті етті және оған педагогикалық және психологиялық астарлардың назарын бөлу қажеттілігін шарттап отыр.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, докторант М.Ушатовтың таңдап алған тақырыбы қоғамның талабынан туындап отырған мәселеге арналған.

Ізденуші зерттеу барысында ғылыми нәтижелерге қол жеткізген.

Біріншіден, ғылыми философиялық, педагогикалық, психологиялық зерттеулерге талдау жүргізу арқылы студенттердің лидерлік әлеуетін дамытудың теориялық негіздері айқындалды, яғни лидерлік мәселесінің дамуының бастау алғаннан қазіргі кездегі зерттеулердегі ойлар тқжырымдалған.

Екіншіден, контент-талдау әдісін пайдалана отырып, докторант «әлеует», «лидерлік әлеует» ұғымдарына жан-жақты сипаттама беріп, жаңа педагогикалық-психологиялық ұстанымдарға сәйкес «студенттердің лидерлік әлеуеті» ұғымының мәнін нақтылаған.

Үшіншіден, педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытудың моделін жасалған.

Сонымен бірге, педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытудың әдістемесін жасалып, тәжірибелік жолмен жасалған үлгінің тиімділігін тексерілген және ғылыми тәжірибелік ұсыныстар берілген.

Диссертацияның мазмұны, құрылымы, ғылыми аппараты логикалық байланысқан, тақырыпқа сай құрылған, яғни кіріспеден, екі тараудан, олардың

әрқайсысы төрт параграфтан, пайданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Бұлардың барлығы да зерттеу мәселесіне байланысты қойылған мақсат пен міндеттердің мазмұндық сипатын ашады.

Докторанттың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларының негізділігі мен дәлелділігі оның бастапқы көзқарастарының теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуімен, зерттеудің нақты нәтижелерінің дәлелденуімен қамтамасыз етіледі. Зерттеу қорытындылары ғылыми тұрғыдан тұжырымдаған.

М.Ушатовтың ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен әртүрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген 13 еңбегінде қамтылған.

Зерттеу жұмысының жаңалығы, алынған нәтижелерінің дәйектілігін және практикалық маңыздылығын ескере отырып, толық аяқталған ғылыми еңбек деп санауға болады.

Докторант, Ушатов Марат Әбдікаламұлының «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің лидерлік әлеуетін дамыту» тақырыбындағы PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық еңбегі Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы ережесінің» талаптарына толық сәйкес келеді. Ал, оның авторы Ушатов М. 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін беруге болады деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

**Педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор**



Рәстәймін:	Абай атындағы ҚазҰПУ Кадр бөлімінің бастығы:
Заверяю:	Научный сотрудник М.А. Абсаева
Қолы:	
Подпись:	